

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы атқарылып жатқан іс-шаралар туралы есеп.

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» №410 18.11.2015 жылғы Заңын басшылыққа ала отырып, ҚМҚК «Балауса-Балғын» бөбекжайында бірқатар жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыру, білім беру ұйымдарында парасаттылық мәдениетін қалыптастыру, сондай-ақ әдеп нормаларын сақтау және заңнама бұзушылықтарының алдын алу мақсатында квазимемлекеттік сектор субъектісінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің басшысы ретінде тәрбиеші Б. Зейделова тағайындалды.

Балабақшада шағымдар мен ұсыныстарға арналған жәшік ата-аналар мен қызметкерлер үшін қолжетімді жерде орналастырылған. Сонымен қатар, ұсыныстар мен арыз-шағымдарды тіркеу журналы басталып, жүйелі түрде жазбалар жүргізілуде. Балабақша басшысы мен әкімшілік тарапынан жеке және заңды тұлғалар өкілдерін қабылдау кестесі бекітіліп, қабылдаулар жоспарға сай жүзеге асырылып келеді.

Мекемеде көрсетілетін қызмет түрлері, қажетті тауарлар мен азық-түлік өнімдері мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде жариялылық және ашықтық қағидаттарын сақтай отырып рәсімделеді. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» атты ақпараттық стенд тұрақты түрде жаңартылып, өзекті мәліметтермен толықтырылуда.

Сенім телефонының жұмыс істейтіні туралы ақпарат ата-аналар мен қызметкерлерге жеткізілді. Қоңырауларды тіркеу журналы ашылып, барлық хабарламалар есепке алынуда. Ұжым мүшелері арасында ҚР мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексін сақтау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын түсіндіру мақсатында тұрақты түрде ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Заңнамаға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар бойынша мекеме әкімшілігінің бастамасымен кезектен тыс құқықтық оқу сабақтары өткізіліп тұрады. Қызметкерлер мен ата-аналар орын алған немесе орын алуы мүмкін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы ұжымдық жиналыстарда толық хабардар етіліп, алдын алу шаралары жүргізіледі.

Сенім жәшігін тексеруге жауапты тұлғалар кәсіподақ ұйымының төрағасы Б.Байноллаева, квазимемлекеттік сектор субъектісінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс қызметінің басшысы Б.Зейделова, ата-аналар қамқоршылық кеңесінің төрағасы Е.Курманғалиев.



Елбек.кз электрондық елбек порталы.



